

## Қазақстан Республикасында көлік басқаруды жетілдіру туралы

### Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 15 шілде 1993 ж. N 610. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.07.07. N 646 Қаулысымен

Республика тұрғындары мен халық шаруашылығының ішкі және халықаралық қатынастардағы тасымалдауға деген қажетін қамтамасыз ететін көлікті мемлекеттік басқарудың салалық жүйесін қалыптастыру мақсатымен Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі бірыңғай көлік саясатын жүргізу, саладағы жұмыс жағдайы үшін жауапты болу, қазіргі зандарға сәйкес темір жол, авиация, автомобиль, теніз және өзен көліктері кәсіпорындары мен ұйымдарының қызметін бақылау және ұйымдастыру функцияларын атқару, сондай-ақ көлік қызметінің нарығын құруға, мемлекеттің және тұтынушылардың мұдделерін қорғауға бағытталған зандардың, қаулылардың және басқа нормативтік актілердің жобаларын әзірлеу жүктелсін.

2. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің орталық аппаратының құрамында Автомобиль көлігінің департаменті мен темір жол көлігінің департаменті болып аталсын, орталық аппараттың құрылымдық бөлімшелері нығайтылып, оның шекті саны 50 адамға көбейтілсін. Қосымша түрде министрдің бір орынбасарының лауазымы енгізілсін.

3. Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі үш ай мерзімде Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі туралы жаңа Ережені Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің бекітуіне ұсынсын, автомобиль көлігінің департаменті мен су көлігінің департаменті туралы ережелерді бекітетін болсын.

4. Темір жолдардың, Қазақ азаматтық авиация басқармасының бірінші басшыларын Қазақстан Республикасының Көлік министрлігінің ұсынуымен Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті тағайындауды, темір жол бөлімшелерінің, темір жол көлігі мен азаматтық авиация зауыттарының, көліктің дербес жобалау және оқу институттарының, нөмірлі автоколонналардың, құрамында нөмірлі автоколонналар бар автокөлік кәсіпорындарының бірінші басшыларын Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі тағайындауды, ал олардың орынбасарларын - Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің келісімімен аталған басшылар тағайындауды деп белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі, Өнеркәсіп министрлігі,

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мұлік жөніндегі мемлекеттік комитеті, "Қазавтокөлік" концерні мұдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесе отырып, бір ай ішінде белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазавтокөлік" Қазақ мемлекеттік автокөлік концерні мен республиканың автомобиль жасау және автомобиль жөндеу өнеркәсібін үйымдастыру туралы қаулысының жобасын ұсынсын.

6. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасы темір жол транспорттың тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі шұғыл шаралар туралы" 1992 жылғы 20 ақпандағы N 129 қаулысының 7-тармағындағы "Алматы темір жол басқармасы" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі" деген сөздермен ауыстырылсын.

7. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасының транспорт кешенін басқаруды жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" 1992 жылғы 3 ақпандағы N 90 қаулысының 5-тармағындағы бірінші абзацтың күші жойылды деп саналсын.

Қазақстан

Республикасының

Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК